



Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 12 қазандағы № 187 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 14 маусымдағы № 927 Жарлығымен

Қазақстан Республикасының
Президенті мен Үкіметі актілерінің
жинағында жариялануға тиіс

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Президентінің 14.06.2022 № 927 Жарлығымен.
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мына жарлықтарына өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының мәртебесі мен өкілеттіктері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 тамыздағы № 379 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 27, 309-құжат):

4-тармақта:

1) тармақшада "және сыртқы" деген сөздер алып тасталсын;

3-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1) қоғамдық даму саласындағы мемлекеттік талдамалық құрылымдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия мен Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын үйлестіреді";

4) тармақша алып тасталсын;

5-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдарға тапсырмалар беруге";

2) "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 тамыздағы № 3614 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты туралы ережеде:

2-тармақта "Мемлекеттік хатшысының өкімдері," деген сөздер алып тасталсын;

8-тармақта "және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының тиісті орынбасарының жедел басшылығымен" деген сөздер алып тасталсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. Тоқаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК